



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

**СЕКЦИЯ 13**  
**ЖУРНАЛИСТИКА И ПОЛИТОЛОГИЯ**

**Подсекция 13.1 Журналистика и проблемы современности**

ӘОЖ 009

**А.СЕЙДИМБЕК ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ**  
**ҚҰНДАЛЫҚТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ШЕБЕРЛІГІ**

**Алтынбек Аяулым Серікқызы**

[aika\\_95as@mail.ru](mailto:aika_95as@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану  
факультетінің 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші – М.Б.Шиндалиева

Қазақ халқының қанына сіңген рухани дәулетті өмірі мен шығармашылығына арқау еткен ерекше дарынды тұлға А.Сейдімбек артынан қалдырған мол мұрасымен оқшауланады. Ғалымның аса тиянақты әрі ыждаһатты болғандығының дәлелі, оның ашқан жаңалықтары мен паш етілген ашылуларының бірі де халық назарынан тыс қалған емес. Себебі, оның еңбектері тікелей сол халықтың тынысы, салты менен дәстүрі, тарихы мен этнографиясы, жыры менен дастаны жиналып, табысқан фольклорды зерттеу мен зерделеуге байланысты болған. Фольклор – тарихтың көшірмесі емес, керісінше тарих аясындағы халық болмысының, дәлірек айтқанда халықтың арман-аңсарының көрінісі ғана екендігін дәлелдеген. Сол сияқты ғалымның еңбектері де тарихты қайталамайды, белгілі бір тарих шеңберіндегі халықтың ой-өрісін, көркемдік қабілет-түйсігін, сезім-сырын, кісілік қалыптарын, тіптен өмір салтын айғақтайды. Сонымен бірге, халықты – тек тарихтың куәгері немесе қызықтаушысы ғана емес, сол тарихтың негізгі ұйтқысы екендігін де дәлелдейді. Былайша айтқанда, тарих халық болмысының негізінде ғана тарих бола алады. Бұл тұрғыдан келгенде, халықты тарихтың қозғаушы күші ретінде мойындауға тура келетіндігін айғақтайды.

Қазақ топырағында дүниеге келген еліміздегі аса талантты қаламгер, ғұлама ғалым, пәлсапаның көсемі, қызыл тілдің шешені Ақселеу Сланұлы мәдениетке, өркениетке, рухани және эстетикалық құндылықтарға аса құмар, құштар жан болған еді. Шебер публицистігінен, зерделі ғалымдығынан, дарынды жазушылығынан бөлек, ол көзі мерген шебер, он саусағы майысқан ұста, тамаша домбырашы болған. Астаналық телеорталықтардың біріне берген сұхбатында ол өмірін қайта сүруге жазатын болса, білім алу жолын журналистикадан емес, консерваториядан бастайтындығын айтып ағынан жарылған еді.

Ақселеу Сейдімбек шығармаларының қай-қайсысында болмасын Ұлы дала тұрғындары – көшпелілердің өмір салтын ерекше бір сүйсінуге әрі мақтанышпен айтатындығы байқалады. Зерттеулерінің нәтижесінде, көшпелілердің өмір салты мен таным-түсінігі әлем өркениетінің дамуына үлесін қосушы аспектілердің бірі болғандығы дәлелденген. Мұнысымен, ғалым-зерттеуші қазақ халқын әлемдік өркениеттің бір үлкен бөлшегі екендігін таныстырғысы келген сыңайлы. Осы орайда, ғалымның келесі пайымдауларын келтіруге болады:

«Мәдениет сөз болған уақытта біз ешуақытта бүгінгі аумақтық, яғни территориялық шеңберімізбен шектеліп қалмауымыз керек. Өйткені, қазақ дейтін халықты құрсағында тербеткен ұлы даланың аумағы қазіргі шекарадан әлдеқайда кең болатын. Біз отаршылдықтың қақпанына түскен кездегі жеріміздің үштен бір бөлігінен айырылып, тәуелсіздік алдық. Осы орайда, шекара сыртында жатқан мынадай мәдени бес түрлі рухани асылдарымызға біз ұдайы назар аударып жүруіміз керек. Бірінші – атамекен жұрттарымыз, екінші – сол жұрттарда сүйегі қалған ата-баба әруақтары, үшінші – шекара сыртында жатқан

жалпы мұралар, төртінші – шекара сыртында аналарымыздың, аталарымыздың қолымен жасалған материалдық мәдениеттер, бесінші – шекара сыртында әлемнің қырықтан астам елінде бас сауғалап жүрген қандас бауырларымыздың қолынан туған өнер туындылары. Осының барлығы біздің төл тарихымыздың, төл мәдениетіміздің құрамдас бөлігі болып табылады [1,15-б],-дейді.

Қаламы қарымды журналист Ақселеу Сейдімбек басылым беттерінде бірқатар тұжырымды, маңызы мол тақырыптарды көтереді. Мысалы, «Лениншіл жас» газетінде 1970 жылдың 21 қарашасында жарық көрген №8 санында «Ат шаба ма, бап шаба ма?» немесе халқымыздың ғажап көне кәсібі жайында бірер сөз» атты көлемді мақаласы «Проблема» айдарымен беріліп, ат спорты жайлы мәселе көтерген. Ел арасында бапкерлердің, атбегі, сыншылардың сиреп бара жатқандығын айта отырып, жылқы малының қазақ халқы үшін орны бөлек, қадірі мен қасиеті көп, қастерлі екендігін түрлі дәлелдер мен деректерді келтіре отырып өрбітеді. «Жақсы жылқының ел арасында алдымен аталатын он бес түрлі қасиеті болады. Ол қасиеттер бес топқа бөлінеді де, әрқайсысының бастау алған төркіндері болады. Сол он бесі мынау:

- 1) еркектен алған үш мінез – жайдары мінез, сергектік, мойымас күштілік;
- 2) әйелден алған үш мінез – сұлу денеге жарасқан жібек жал-құйрық, әсем біткен шығыңқы кеуде, қимылындағы көз тоймайтын ыңғайлылық;
- 3) қояннан алынған үш мінез – бас бітімінің етсіз, жеңілдігі, көз ауданының кеңдігі (бұл сүрінбеуіне, үрікпеуіне себепші), ұшқырлығы;
- 4) түлкіден алған үш мінез – түлкідей тік жортатыны, құлақтарының әдемі бітімі, құйрықтың қылта түбінен бастап ұшына қарай сүйірлене жаралуы;
- 5) есектен алған үш мінез – оймақша дөңгеленген төрт тұяқ, етсіз жақ, тамақ астының кеңдігі, - деген атадан балаға мирас сөз бар қазақта»[1,23-б], - деп түрлі ел аузындағы аңыз-әңгімелерді, тарихи деректерді пайдаланады. Мұнда, талапты да дарынды журналист тағы бір өткір қырын аңғартады. Жоғарыда келтіргеніміздей, Ақселеу Сейдімбек аграрлы-өндірістік жүйе үстемдік құрған заманда өмір сүреді. Бұған дейін елдің әлеуметтік өмірінде мал шаруашылығы бел алғандығы мәлім. Міне, мұндай кезеңде қалыптасқан ұрпақ, қос енені тел еміп тез жетіккен төл тәрізді, өткен мен бүгінді салыстыруға, ел өміріндегі сапалық өзгерістерді парықтауға мейлінше жүйрік, тарихи зердесі сергек болып қалыптасады. Олар бұрынғы дәстүрлі, сонымен бірге жаңа өмірді де жасақтаушы ұрпақ болған. Осы қасиеттер олардың мәдени-рухани ізденістерінде айқын көрініс тауып, ұлттық рухы биік, төлтума бояуы қанық, ой-тұжырымы тың туындылар беруіне себепші болады. Мұндай әсер-ықпалдан Ақселеу Сланұлының да шығармашылық жолы шет емес екендігін байқаймыз [2,4-б]. Замана шежіресін жасау, адамдардың тұлғасын мүсіндеу – жазушының, публицистің ізгі мұраты. Әрқашан өмірмен өкшелесіп отыратын қаламгер ұлы дүбірден шет қала алмайды. Суреткердің қырағы көзі өзінің ата-бабасының өмір сүрген дәуірі мен өз кезеңінің оқиғаларының жаршысы болуды, соларды ардақтауды өзіне мақсат тұтуы – заңды құбылыс.

«Лениншіл жас» газетінің беттерінде болашақ жазушы-публицист өзінің алғашқы тырнақалды көркем-публицистикалық туындыларына бастама болған шығармаларын жариялайды. Бұған дәлел ретінде, «Тезек тістеген түлкі» атты өмірде болған оқиға желісіне құрылған очеркті келтіруге болады. «Саят» деген айдармен берілген бұл шығарманың тұздығы ретінде Бейсенбек Қожабаевтың «Аңшының әзілдері» атты топтамасы берілген [3,3-б]. А.Сейдімбектің 1970 жылдары жазған публицистикасы қазақ халқының өмірінде болып жатқан сан қилы оқиғалар, заманның рухани көркі туралы болып келеді. Публицист ретінде өз кезеңіндегі өмірдің өзекті мәселелеріне үн қосып қана қоймай, журналистиканың күрделі жанрларының бәрін жазуда да өзінің білімділігін, әдеби әзірлігін байқата алған журналист.

1975 жылы А.Сейдімбек Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы қызметіне тағайындалады. Бұл кезеңге аяқ басудан бұрын журналист көркем шығарма жанрында алғаш туындысын жарыққа шығарып үлгереді. Бұл 1972 жылы жарық көрген – танымал «Ақиық» туындысы. Сонымен бірге, жазушы, аударма өнерінде де біраз жемісті еңбектер атқарады. Гомердің «Иллиада», «Одиссея» және «Полифем үңгірінде»

атты ежелгі грек әдебиеті мен мәдениеті жәдігерлерін қара сөзбен береді. Бұл ретте, әлем әдебиетінің мұндай әйгілі эпикалық туындыларын қазақ оқырманына таныстыруға алғаш талпыныс жасаған – Ақселеу Сейдімбек екендігін айту керек. Бұл аудармалар оқырман қауымның, әсіресе, оқушылар мен студенттердің сұранысына ие болып, үлкен таралыммен бірнеше рет қайта басылып шығарылады.

1976 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметіне кіріскен Ақселеу Сланұлы 1983 жылы «Білім және еңбек» журналының бас редакторы атанғанына дейін «Қыр хикаялары», «Тауға біткен жалбыз», «Кеніш», «Серпер» атты әңгімелер мен повестер, очерктер жинақтарын шығарады.

Ғалым-публицистің азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттерінің ең бастысы – оның жалтақсыз ұлтжандылығы. Бұл ұлтжандылық – әйтеуір бір ұлтқа тиесілі болғандықтан қиқуға ілесетін пендешіліктен ада, халқының қадір-қасиетін терең танып-түсінуден туындаған құрбаншыл ұлтжандылық. Содан да болуы керек, ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани дәулетін еселеп, бұрын із түспеген соныға құлаш ұрып, жаңалыққа жаршы болып, әсіресе, халық мұрасының еленбей жатқан қырларын түгендеп отыруға айрықша құштар. Оның публицистикалық еңбектері қазақ журналистикасын жаңа деңгейге көтерді деп кәміл сеніммен айтуға болады.

Ақселеу Сейдімбек өзінің «Күй шежіре» атты еңбегінде былай деген болатын: «Өзіндік қасиеттен айрылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан, азапты өмірді тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ақ». Бұл сөз оның өмірі мен шығармашылығының бағдарламасы іспеттес.

Ақселеу Сейдімбек публицистикасын оқып отырғанда аңғаратынымыз ғылыми тұжырымдаманың мейлінше дәстүрлі қазақ қоғамының табиғатынан туындап, аса мол деректерге арқа сүйейді.

Мысалы, 2001 жылы жарық көрген «Тарих және тәуелсіздік» атты мақаласында ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделей отырып «Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалардың болмысы арқылы көрініс табады. Содан да болуы керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгеруден бұрын, алдымен адам сапасын шындауға көбірек мән береді» [4,5-6] - дейді. Қазақ хандығының құрылуы барысындағы көшпелі қоғамның құрылымдық жүйесі, рулар, тайпалар, жүздер түзілімінің саяси, әкімшілік-территориялық, мемлекеттік, шаруашылық-кәсіптік негіздемелерін жіпке тізіп, қолмен қойғандай жаңаша пайымдаулар жасайды. Бұл мақалада публицистің айтар ойында даралық сипат, даналық келбет, қазақтың дәстүрлі қоғамы мен мәдениетінің ғылыми бағасын берудегі кеткен есені қайтару бар.

Себебі, оның еңбектері тікелей сол халықтың тынысы, салты менен дәстүрі, тарихы мен этнографиясы, жыры менен дастаны жиналып, табысқан фольклорды зерттеу мен зерделеуге байланысты болған. Оған дәлел «Фольклорлық мұраны жинау» (1995ж.) атты мақаласы. Фольклор – тарихтың көшірмесі емес, керісінше тарих аясындағы халық болмысының, дәлірек айтқанда халықтың арман-аңсарының көрінісі ғана екендігін дәлелдеген. Сол сияқты ғалым, жазушы, публицистің еңбектері де тарихты қайталамайды, белгілі бір тарих шеңберіндегі халықтың ой-өрісін, көркемдік қабілет-түйсігін, сезім-сырын, кісілік қалыптарын, тіптен өмір салтын айғақтайды.

Атап айтар болсақ «Ұлттық идея» (2001ж.), «Ұлы дала өркениеттің кіндігі» (2006ж.), «Рухты қайта оралту», «Түркілік тұтастану» (1993ж.), «Бүгінгі күннің ұлт мәселесі» (1990ж.), «Қазақтың жазба мұрасы» (1996ж.), «Мәдениет және рухани өмір» (1998ж.), «Рухани кемелдік – уақыт талабы» (2003ж.), «Қатерлі идеялар» (2000ж.), «Әріп дін және мәдениет» (1993ж.), «Фольклорлық мұраны жинау» (1995ж.), «Қазақ қолжазбаларының ғылыми орталығы» (1996ж.), «Социалистік мәдениет және Сәкен мұрасы» (2004ж.), «Ұлт мүдесі мәңгілік серігіміз» (2003ж.), «Елдік нышандар» (1992ж.), Ұлттың тұмары – туы» (1991ж.),

Россия А.И. Солженицының ақылымен көгермейді» (1990ж.), «Білім мазмұнын идеологиясыздандыру», «Ұлттық таным қайнары» (1995ж.), т.б. мақалаларында Ақселеу Сейдімбек – ұлан-ғайыр сахарамызды түгел шолып, ұлан-асыр сыр-сипаттарымызды тегіс қамтып, қат-қабат тарихымызды терең қаузап, дүлдүл оймен, ділмар тілмен толғайтын ғұлама ғалым, сұңғыла білімпаз, сүлей суреткер.

Сонымен бірге, халықты – тек тарихтың куәгері немесе қызықтаушысы ғана емес, сол тарихтың негізгі ұйтқысы екендігін де дәлелдейді. Былайша айтқанда, тарих халық болмысының негізінде ғана тарих бола алады. Бұл тұрғыдан келгенде, халықты тарихтың қозғаушы күші ретінде мойындауға тура келетіндігін айғақтайды.

Кеңестік дәуірде қазақ халқының өткен тарихи көшпелі қоғамының шынайы келбеті туралы мұндай еңбек, біріншіден, партиялық цензурадан өтпеген болар еді, екіншіден, түрі ұлттық, мазмұны социалистік деп келетін таптық ұстаным тұрғысынан айыпталып, ұлтшылдықтың айғағы ретінде мансұқталған болар еді дейтін ұлт тағдырының уақыт тезіне түскен кейпі болды.

Автор публицистикасындағы өмірді көркем нақышпен бейнелеуі, образдылық, портрет, сюжет, композиция, пейзаж, диалог т.б. шығармашылық ізденістер жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Жазушының шығармаларындағы өмір шындығы, өмір шындығынан қорытылып алынған типтік образдар мәселесі, кейіпкердің ішкі жан-дүниесі, жазушының ізденістері, мұраты, ойы бір-бірімен жалғасып жатқан тұтас тарап екені де ескерілді. А.Сейдімбек негізінен көзімен көрген, зерттеген оқиғаларын, өмірдің нақты деректерін ала отырып, осы құбылыстарды, оқиғаларды шығармашылық елегінен өткізіп барып жазғанына көзіміз жетті.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Нұрғали Р. Сөз өнері эстетикасы: Монография. – Астана: Фолиант, 2003. – 560 б.
2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. - Алматы: Білім, 2003.-224 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 219 б.
4. Кекілбайұлы Ә. Талантты ұрпақтың тағылымды келбеті. // Егемен Қазақстан. 23.11.2002.

УДК 32.019.5

#### **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МАССОВЫХ КОММУНИКАЦИЙ.**

**Акопян Наталия Александровна**

[nataliya.ako@gmail.com](mailto:nataliya.ako@gmail.com)

студентка факультета Журналистики и политологии

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А. Т. Матаева

Принимая различные сообщения, каждый получатель реагирует на них по-разному, интерпретируя полученную информацию на свой лад. Поток данных обрабатывается и систематизируется в зависимости от множества факторов: времени принятия сообщения, общего эмоционального состояния адресата, размера и качества самой информации и мн.др. Любое сообщение воспринимается адресатом эмоционально, через призму тех или иных чувств. Соответственно, сообщение, переданное посредством средств массовой коммуникации, вызывает у него определенную реакцию – позитивную или негативную. **Эмоциональное восприятие** – необходимый фактор массовой коммуникации, который служит катализатором воздействия на аудиторию. Психолог **Ричард Харрис** отметил, что «чувства, которые мы испытываем во время просмотра или прослушивания чего-то – основная часть нашего психологического опыта».

**Воздействие** же является одной из важных **целей** массовой коммуникации.